

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысушылар қатарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету қағидасы туралы

Күшін жойған

Астана қаласы маслихатының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 86/13-VI шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 желтоқсанда № 1087 болып тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы маслихатының 2017 жылғы 23 маусымдағы № 161/20-VI шешімімен

Ескерту. Шешімнің күші жойылды - Астана қаласы маслихатының 23.07.2017 № 161/20-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 55-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңының 2-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 2-3-тармағына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысушылар қатарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету қағидалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Астана қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы*

*Астана қаласы
мәслихатының хатшысы*

Г. Қасенов

Ж. Нұрпейісов

Астана қаласы мәслихатының
2016 жылғы 8 желтоқсандағы
№86/13 - VI шешіміне
қосымша

**Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай
Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысушылар**

қатарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету қағидасы 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысушылар қатарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 55-бабы 1-тармағы 5) тармақшасына, " Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңының 2-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 2-1-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысушылар қатарындағы, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда, саяси қуғын-сүргін құрбандарына біржолғы әлеуметтік көмек (бұдан әрі – әлеуметтік көмек) Астана қаласында тіркелген және тұрақты тұратын азаматтарға көрсетіледі.

3. Астана қаласының бюджеті әлеуметтік көмекті қаржыландыру көзі болып табылады.

4. Әлеуметтік көмек "Астана қаласының Жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі әкімшісі болып табылатын "Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламасына сәйкес және Астана қаласының бюджетінде осы мақсаттарға көзделген қаражат шегінде ұсынылады.

5. Әлеуметтік көмек көрсетуге "Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі жолдаған Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте саяси қуғын-сүргін құрбандары болып танылған, осы Қағиданың 1-тармағында көрсетілген адамдардың тізімі (азаматтардың санаттары) негіздеме болып табылады.

2. Әлеуметтік көмек төлеу тәртібі

6. Әлеуметтік көмек 16 желтоқсанға (Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күніне орай) ақшалай төлем түрінде 70 000 теңге (жетпіс мың) теңге мөлшерінде беріледі.

7. Әлеуметтік көмекті төлеу ақшалай қаражатты Астана қаласының екінші деңгейдегі банктер бөлімшелері арқылы алушылардың дербес шоттары немесе карталық шоттарына аудару арқылы жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК